

**Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігінің
құрылымы туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 16 наурыз 1992 ж. N 679. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Қоршаған табиғи ортаны қорғауды басқару құрылымын жетілдіру және Қазақстан Республикасының табиғи ресурстарын тиімді пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында қаулы етемін:

Республикалық, облыстық және аудандық деңгейде шығындары Республикалық бюджет есебінен орталықтандырылып қаржыландырылатын қоршаған табиғи ортаны сақтау мен сауықтыруды, мемлекеттің биоресурстарын ұдайы өндіру мен тиімді пайдалануды мемлекеттік басқару және бақылау органдарының біртұтас сатылы жүйесін құрсын.

Қазақстан Республикасының

Президенті